Астана қаласы әкімдігінің №92 «Жауқазын» балабақшасы МКҚК

№1 педагогикалық кеңес ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: 2026 жылғы 31 тамыз
Өткізу форматы: офлайн
Тақырыбы: «Мектепке дейінгі оқу-тәрбие үдерісінің бағдарламалық міндеттерін игеруді жақсартуға мүмкіндік жасау».
Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламалық міндеттерін сапалы іске асыруға жағдай жасау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік пен дағдыларды меңгеру деңгейін жақсарту.
Ұзақтығы: 90 минут
Қатысушылар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, хатшы.
Қатысқандар: 30
Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды

Әдіскер Н.С. Нығыметова сөз сөйлеп, жаңа 2026–2027 оқу жылына балабақшаның дайындығына жүргізілген сараптама нәтижелерімен таныстырды.
Балабақшаның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға дайындығы, топтардың безендірілуі, педагогтердің құжаттамалары, оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі және алдағы оқу жылына қойылатын міндеттер қарастырылды.
Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы өзгерістерге тоқталып, әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттары түсіндірілді.
Сөз сөйледі: балабақша меңгерушісі А.К. Салыкова педагогтерге жаңа оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, құжаттарды талапқа сай жүргізу және педагогикалық жауапкершілікті күшейту қажеттігін атап өтті.
Қаулы етілді:
1. 2026–2027 оқу жылына балабақшаның жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің құрамы бекітілсін.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес отырыстарының жоспары бекітілсін.
4. Педагогтер оқу-тәрбие үдерісін қолданыстағы нормативтік және әдістемелік талаптарға сәйкес ұйымдастырсын.
5. Әдіскер Н.С. Нығыметова педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді және оқу-тәрбие үдерісіне әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етсін. Жауапты: әдіскер Н.С. Нығыметова, педагогтер. Мерзімі: 2026–2027 оқу жылы барысында.

Екінші мәселе бойынша тыңдалды

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскер Нығыметова Н.С. сөз сөйледі. Ол педагогикалық ұжымды 2026–2027 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына енгізілген өзгерістермен және Әдістемелік нұсқау хаттың негізгі

бағыттарымен таныстырды. Әдіскер өз баяндамасында жаңа оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, қауіпсіз әрі қолайлы дамытушы ортаны ұйымдастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, тәрбислснушілсрдің тілдік, танымдық, шығармашылық, әлсумсттік-эмоциялық жәнс физикалық дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті.Сонымен қатар педагогтердің перспективалық жоспар мен циклограмманы талаптарға сәйкес әзірлеуі, тәрбиеленушілердің даму мониторингін жүргізуі, ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайтуы, инклюзивті білім беру қағидаттарын сақтауы және заманауи педагогикалық әдістерді тиімді қолдануы жөнінде түсіндірме берілді. Одан әрі әдіскер балабақшаның 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. Жоспарда өткен оқу жылындағы жұмыстың қорытындысына жүргізілген талдау, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері, педагогикалық кеңестер, әдістемелік іс-шаралар, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, консультациялар, семинарлар, байқаулар, тәрбиелік және сауықтыру шаралары, ата-аналармен жұмыс, бақылау мен басшылық және педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру бағыттары қамтылғанын хабарлады.

Жылдық жұмыс жоспары педагогикалық ұжымның талқылауына ұсынылды. Педагогтер жоспардың мазмұны бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Талқылау барысында айтылған ұсыныстарды ескере отырып, 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту ұсынылды

Қаулы етілді:

1. 2026–2027 оқу жылындағы өзгерістер және Әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттары педагогтердің назарына алынсын.
2. Педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесін қолданыстағы нормативтік құжаттар мен Әдістемелік нұсқау хаттың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.
3. Балабақшаның 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілсін.
4. Жылдық жоспарға сәйкес белгіленген іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
5. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу балабақша әдіскері Ныгыметова Н.С. жүктелсін.
6. Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалды

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ныгыметова Н.С. сөз сөйледі. Ол педагогикалық ұжымның қарауына 2026–2027 оқу жылына арналған вариативтік бағдарламаларды, оқу жұмыс жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін және перспективалық жоспарларды ұсынды.

Әдіскер аталған құжаттардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданыстағы мсмлскстгік жалпыға міндстті стандартына, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына, әдістемелік нұсқау хатқа және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленгенін атап өтті. Вариативтік бағдарламалардың мазмұны тәрбиеленушілердің танымдық, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоциялық және физикалық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және олардың жеке қызығушылықтарын ескеруге бағытталғаны айтылды. Бағдарламаларды іске асыру барысында педагогтерге балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану және күтілетін нәтижелерге

Оқу жұмыс жоспарында әр жас тобы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің бағыттары мен апталық жүктеме көлемі көрсетілген. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі санитариялық талаптар, балалардың жас ерекшеліктері, белсенділік пен демалыстың тиімді кезектесуі ескеріле отырып жасалғаны хабарланды.

Күн тәртібінде тәрбиеленушілерді қабылдау, таңғы жаттығу, тамақтану, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуендеу, тынығу, дербес әрекет және ата-аналармен жұмыс уақыты белгіленген. Ұсынылған құжаттар педагогикалық кеңес мүшелерімен қаралып, талқыланды. Талқылау барысында педагогтердің пікірлері мен ұсыныстары тыңдалып, қажетті толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар әдіскер 2026–2027 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің құрамын бекіту мәселесін ұсынды. Педагогикалық кеңестің құрамына балабақша әкімшілігін және барлық педагог қызметкерлерді енгізу, оның қызметін тиісті бұйрықпен бекіту қажеттігі айтылды.

Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау бойынша Кокеева Г.А. ұсынылды. Ашық дауыс беру нәтижесінде ұсынылған кандидатураны педагогикалық кеңестің хатшысы етіп сайлау туралы шешім қабылданды.

Қаулы етілді:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған вариативтік бағдарламалар қаралып, бекітілсін және оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алынсын.
2. 2026–2027 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары қаралып, бекітуге ұсынылсын.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен санитариялық талаптарды ескере отырып бекітілсін.
4. Әр жас тобы бойынша әзірленген күн тәртібі қаралып, бекітілсін.
5. Тәрбиешілер мен педагог-мамандардың 2026–2027 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары қаралып, бекітілсін.
6. Бекітілген оқу-әдістемелік құжаттардың талапқа сай орындалуы педагогтердің міндетіне жүктелсін.
7. 2026–2027 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестің құрамы бекітілсін және оны бекіту туралы тиісті бұйрық шығарылсын.
8. Педагогикалық кеңестің хатшысы болып Кокеева Г.А. сайлансын.
9. Педагогикалық кеңес хатшысына отырыстардың хаттамаларын уақытылы және талапқа сәйкес рәсімдеу, қабылданған шешімдердің есебін жүргізу міндеті жүктелсін.
10. Бекітілген құжаттардың орындалуына бақылау жүргізу балабақша әдіскері Ныгыметова Н.С. жүктелсін.
11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Төртінші мәселе бойынша тыңдалды

Әдіскер Ныгыметова Н.С. 2026–2027 оқу жылына арналған аттестаттау комиссиясының құрамы мен аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімін таныстырды.

Қаулы етілді:

1. Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.
2. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің тізімі бекітілсін.
3. Аттестаттау жұмыстары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілсін.

Бесінші мәселе бойынша тыңдалды

«Педагогикалық әдеп» мәселесі

Тыңдалды: Әдіскер Н.С. Нығыметова педагогикалық әдептің негізгі қағидалары туралы түсіндіріп, педагогтің кәсіби мінез-құлқына, әріптестермен, тәрбислснушілсрмсн жәнс ата-аналармсн қарым-қатынасына қойылатын талаптарға тоқталды. Педагогтің қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындауы, жұмыс уақытын тиімді пайдалануы, әріптестермен өзара сыйластықта болуы және баланың қауіпсіздігін бірінші орынға қою қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Педагогтер педагогикалық әдеп қағидаларын қатаң сақтасын.
2. Әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста кәсіби этика талаптары басшылыққа алынсын.
3. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жауапкершілік пен тәртіп сақталсын.
4. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтер.

Мерзімі: тұрақты.

Алтыншы мәсслс бойынша тыңдалды

Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

Тыңдалды: Тәрбиеші Исматова М.А. жазғы кезеңде өткізілген ойын-сауық, мәдени-шығармашылық және сауықтыру іс-шараларының қорытынды есебін ұсынды. Жаз мезгілінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Қаулы етілді:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар оқу жылы барысында да жалғастырылсын.
3. Қимылды ойындар мен сауықтыру шараларын жүйелі ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

Жетінші мәселе бойынша тыңдалды

«Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы медициналық-профилактикалық жұмыстар»

Тыңдалды: Медбике Құттыаяқова С.С. тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту бағытында жүргізілетін медициналық-профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат берді. Балалардың күн тәртібін сақтау, санитариялық-гигиеналық талаптарды орындау, дұрыс тамақтану, денсаулық жағдайын бақылау және аурулардың алдын алу шараларының маңыздылығына тоқталды.

Қаулы етілді:

1. Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын күнделікті бақылау жалғастырылсын.
2. Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
4. Педагогтер мен медицина қызметкері өзара бірлескен жұмысты күшейтсін.
Жауапты: медбике Құттыаяқова С.С; педагогтер.

Сегізінші мәселе бойынша тыңдалды

«Балалар журналистикасы – шешендік өнерді дамытудың медиа алаңы» эксперименттік алаң (инновациялық жоба)

Тыңдалды:Инновация әдіскері Молдажметова А.Т. балабақшадағы эксперименттік алаңның (инновациялық жобаның) негізгі бағыттарымен таныстырды.

Жобаның тәрбиеленушілердің тілдік қатынасын, шығармашылық қабілетін, еркін сөйлеуін, өз ойын жеткізу дағдысын және шешендік өнерін дамытуға бағытталатыны атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. «Балалар журналистикасы – шешендік өнерді дамытудың медиа алаңы» инновациялық жобасы бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Жоба аясындағы іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
3. Педагогтер жобаның мақсат-міндеттерін оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін. Жауапты: инновация әдіскері Молдажметова А.Т., педагогтер. Мерзімі: 2026–2027 оқу жылы.

Тоғызыншы мәселе бойынша тыңдалды

Жаңадан қабылданған жас маманды таныстыру

Тыңдалды:Әдіскер Н.С. Нығыметова балабақша ұжымына жаңадан қабылданған жас маманды таныстырып, оның кәсіби қызметіне сәттілік тіледі. Жас маманға тәлімгерлік қолдау көрсету, тәжірибелі педагогтермен бірлесіп жұмыс жасау және балабақшаның ішкі тәртіп талаптарын сақтау қажеттігі айтылды.

Қаулы етілді:

1. Жас маманға кәсіби бейімделу кезеңінде әдістемелік көмек көрсетілсін.
2. Тәлімгерлік жұмыс жүйелі ұйымдастырылсын.
3. Жас маманның кәсіби дамуына қажетті жағдай жасалсын.

Жауапты: әдіскер Н.С. Нығыметова, тәлімгер педагог. Мерзімі: тұрақты.

Оныншы мәселе бойынша тыңдалды

Біліктілік санатына ие болған педагогтерді марапаттау

Тыңдалды:Әдіскер Н.С. Нығыметова 2026–2027 оқу жылында біліктілік санатына ие болған педагогтерді таныстырып, олардың кәсіби жетістіктерін атап өтті.

Педагогтерді кәсіби жетістіктерімен құттықтап, алдағы жұмыстарына шығармашылық табыс тіледі.

Қаулы етілді:

1. Біліктілік санатына ие болған педагогтер құттықталсын және марапаттау рәсімі өткізілсін.
2. Педагогтердің кәсіби өсуін қолдау және ынталандыру жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты: меңгеруші А.К. Салыкова, әдіскер Н.С. Нығыметова.

Педагогикалық кеңестің қаулысы

Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, 2026–2027 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби

қамтамасыз ету және инновациялық бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүзеге асыру міндеттелсін.





Педагогикалық кеңес төрайымы: А.К. Салықова

Хатшы С.А. Кокеева